

# Асанәлі туралы фильм тұсауы тұңғыш рет Шығыс Қазақстан жұртшылығының көз алдында кесілді

11 желтоқсан 2012 | 14:12 | [13 сәуір](#) | [Қарағанды](#) 2012 | [Пікірлер: 0](#)



Жамбыл атындағы облыстық драма театрында КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімовтің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильмнің тұсаукесері болып өтті. Оған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ та қатысты.



Ұлтымыздың енерінің асқар тауы Асанәлі Әшімов хайында түсірілген бұл деректі фильмнің режиссері Бақыт Рафу – қазақтың кернекті ақындарының бірі Рафу Қайырбековтің ұлы екенін айта кеткеніміз орынды болар. Фильм ә деп басталғаннан-ақ керерменін езіне баурап алады. Айна алдында грим жасатып отырған ұлы актерді көргенде-ақ керермен қауым режиссердің осынау керініс арқылы көп нарсе айтқысы келгенін бірден бағамдағандай болады.

«Адам – өмір сүрген ортасының айнасы» деген сез бар. Ал сахнада сан алуан рөлдерді сомдап, небір образға енетін актердің шынайы бейнесін біз қарапайым яна айнадан көре аламыз ба? Сейтсек, біз білетін Асанәлінің біз білмейтін қырлары көп көрінеді.

Бүгінде халық ерекше аялайтын, құрметтейтін халық әртісінің өмір жолы тақтайдай тегіс емес екен. Оның да балалық шағы соғыс жылдарына тап келіпті. Жоқшылықты да көп көрген. Бірақ қандай қиыншылық керсе де ешқашан саяы сынған емес. Міне, бозбала жігіт арманның арымағын ерттеп, Алматыға ат басын тіреді. Актерлік жолды таңдады.

Бірақ осынау мамандықты таңдағанымен, ауылдағы туған-туыстарына айта алмай, қысылып көп хуретіні де қазақы ортаға таныс мінез. Десе де алаң бетінен қайтпайтын бірбеткей жігіттің өнер жолындағы ізденістері сәтті басталады. Театр мен киноға қатар алып жүрген актер шеберлігіне талай хұрт тәнті болады. Әсіресе, Әшімов сомдаған «Қыз Жібек» фильміндегі Бекехан, «Атаманның ақырындағы» Қасымхан Шадияров образдары өнер адамын зор абыройға белейді. Қазақ өнерінің харық хұлыздарымен нық тіресе бірге қызмет етеді.

«Мәған тек қана жақсы адамдар жолықты, дұрыс жол, дұрыс бағыт нұсқады» деп ағынан ақтарылады деректі фильмде Асанәлі Әшімовтің өзі. Бұл да болсын тағдырдың үлкен сыйы екені сөзсіз.

Деректі фильмді түсіруші режиссер Асанәлі Әшімовті актер ғана емес, адам ретінде де керсетуге ұмтылған. Қуаныш пен қайғы, бақ пен сор оған да ортақ. Таңдап сүйген хары Мәйрадан айырылуы оның өміріндегі ең үлкен соққы болғаны сезсіз. Кейіннен тағы да қос ұлы Сәби мен Мәдиден, туған анасынан айырылып, зар илеп қалады. Десе де Асанәліні өмірге қайта әкелген, бойына жігер берген тағы да енер болатын.

– Сырттай қатал көрінгенімен, оның хан дүниесі нәзік, – дейді Асанәлі Әшімовтің қазіргі жұбайы Бағдат.

Халық әртісінің қазіргі өмірінің әрін келтіріп жүрген де жұбайы Бағдат пен ұлы Асанәлі. Деректі фильмде Асанәлі олардың таңдырына алаңдаитынын да жасырмайды.

– Мені мынау өмірде қолдап, қорғайтын бір періштем бар. Ол өзімнің атам, – дейді Асанәлі Әшімов.

Деректі фильмнен кейін облыс Әкімінің атынан ықылас гүлі табыс етілді.

– Әрбір адамның өмірінде еңбектің алатын орны зор. Адамды адам ететін де – еңбек, мақсат, арман. Фильмнен көргеніміздей, Асанәлі ағамыздың өмірі әрбір азаматқа үлгі, үлкен сабақ. Егер әрбір азамат осы Асанәлі ағамыз секілді өмір сүріп, Отанына, халқына қалтқысыз қызмет етсе, ол азаматтың арманы болмайды, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ. – Жетімдіктің тауқыметін тартып ескен қазақтың қара баласы өзінің еңбегімен, өзінің талпынысымен алдына қойған арманына жетіп, соңына ешпес із қалдырып келеді. Өмір тек қуанышты сәттерден ғана тұрмайды. Оның қиындығы да көп. Өкінішке қарай, оны әрбір азамат жеңе білмейді. Біз үшін Асанәлі ағамыздың өмірі үлгі-енеге болуға тұрарлық дей келе, облыс Әкімі КСРО хәне Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімовке зор денсаулық, отбасына бақыт, шығармашылық табыс тілеп, шапан жапты.

Өз кезегінде Асанәлі Әшімов те сахнаға шығып, залда жиналған қауымға ризашылығын жеткізді.

– Мен өзі бұл өмірге қуана-қуана келемін. Өйткені, бұл жер мен үшін ерекше ыстық. Өнерімнің бастау аяған жері де – осы өңір. Сонау 1956 жылдары Бұқтырманның бойында «Асау Ертіс жаясында» атты киноға түскенмін, – деп өткен күнді есіне алды.

Театр хәне кино өнерінің саңлағы керермен қауыммен алдағы хоспарлары хайында да ой белісті. Алдағы уақытта көпшіліктің сүйікті актері ойнайтын «Сіз кімсіз, Ка мырза?» фильмі өз халғасын табуы әбден мүмкін.

Мейрамтай Иманғали